

Жалпы ата-аналар жиналысы

ХАТТАМА №1

Күні: 07.09. 2023 жыл

Қатысқандар: балабақша әкімшілігі, педагогтер, ата-аналар

Жиналыстың тақырыбы:

«Келіңіз, танысайық!»

(Жаңа келген ата-аналарға қызметкерлерді таныстыру және жаңа оқу жылындағы мақсат-міндеттермен таныстыру)

Күн тәртібі:

1. «Келіңіз, танысайық!» – балабақша қызметкерлерімен таныстыру, жаңа оқу жылындағы мақсат-міндеттер туралы ақпарат беру.
2. 2023-2024 оқу жылына ата-аналар комитетінің құрамын сайлау.

1-мәселе бойынша тыңдалды:

Жиналысты балабақша меңгерушісі Г.Алмағанбетова ашып, ата-аналарды жаңа оқу жылының басталуымен құттықтады.

Жаңа келген ата-аналарға балабақша ұжымы, әкімшілік, педагогтер және мамандар таныстырылды. Балабақшаның жұмыс тәртібі, тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру ерекшеліктері, балалардың қауіпсіздігі мен денсаулығын сақтау талаптары туралы түсіндірілді.

Жаңа оқу жылындағы негізгі мақсат-міндеттер таныстырылды. Атап айтқанда:

- балалардың жан-жақты дамуына жағдай жасау;
- тәрбиеленушілердің денсаулығын нығайту;
- заманауи әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы білім беру сапасын арттыру;
- ата-ана мен балабақша арасындағы ынтымақтастықты нығайту.

Ата-аналарға баланың балабақшадағы күн тәртібін сақтау, педагогтермен тығыз байланыста болу, бала тәрбиесіне бірлесіп қатысу қажеттілігі түсіндірілді.

Қаулы:

1. Балабақшаның жаңа оқу жылындағы мақсат-міндеттері назарға алынсын.
2. Ата-аналар мен педагогтер арасындағы өзара ынтымақтастық жұмысы жалғастырылсын.

3. Балалардың қауіпсіздігі, денсаулығы және толыққанды дамуы бағытындағы жұмыстар жүйелі жүргізілсін.

2-мәселе бойынша тыңдалды:

2023-2024 оқу жылына ата-аналар комитетінің құрамын сайлау мәселесі қаралды.

Ата-аналар комитетінің мақсаты – балабақша мен ата-аналар арасындағы байланысты нығайту, тәрбиеленушілердің тәрбиесі мен дамуына қолдау көрсету, ортақ іс-шараларды ұйымдастыруға атсалысу.

Жиналыс барысында ата-аналар комитетінің мүшелері ұсынылып, ашық дауыс беру арқылы сайланды.

Ата-аналар комитетінің құрамы:

Төрағасы: Г.Алмағанбетова

Мүшелері:

1. _____
2. _____
3. _____

Қаулы:

1. 2023-2024 оқу жылына арналған ата-аналар комитетінің құрамы бекітілсін.
2. Ата-аналар комитеті балабақша әкімшілігімен бірлесе отырып, тәрбиелік іс-шараларға қатыссын.
3. Ата-аналар комитетінің жұмысы жоспарлы түрде ұйымдастырылсын.



Төрайымы:

Хатшы:

Г.Алмағанбетова

А.Назарова

Жалпы ата-аналар жиналысы

ХАТТАМА №2

Күні: 11.01. 2024 жыл

Қатысқандар: балабақша әкімшілігі, педагогтер, ата-аналар

Жиналыстың күн тәртібі:

1. Ата-аналардың балабақша жұмысына қатысу шараларының есебі.
2. Балалардың тәрбие мен білім алу бойынша жарты жылдық жұмыстың есебі, қорытындысы.

1-мәселе бойынша тыңдалды:

Балабақша меңгерушісі Г.Алмағанбетова ата-аналардың балабақша жұмысына қатысуы бойынша атқарылған жұмыстар туралы есеп берді.

Жыл басынан бері ата-аналар мен педагогтер арасында өзара ынтымақтастық орнату мақсатында бірқатар жұмыстар жүргізілді. Ата-аналар балабақшадағы тәрбиелік, шығармашылық және қоғамдық іс-шараларға белсенді қатысты.

Атап айтқанда:

- жалпы және топтық ата-аналар жиналыстарына қатысу;
- мерекелік және ойын-сауық іс-шараларына атсалысу;
- ашық есік күндеріне қатысу;
- балалардың шығармашылық жұмыстарына қолдау көрсету;
- ата-аналар комитетінің жұмысына қатысу;
- баланың дамуы мен тәрбиесіне байланысты педагогтермен бірлескен жұмыстар жүргізу.

Ата-аналарға балабақша мен отбасы арасындағы байланысты нығайтудың маңыздылығы түсіндірілді. Алдағы уақытта да ата-аналарды тәрбиелеу-білім беру процесіне белсенді тарту қажеттігі айтылды.

Қаулы:

1. Ата-аналардың балабақша жұмысына қатысуы бойынша жүргізілген жұмыстар қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Ата-аналар мен педагогтер арасындағы ынтымақтастықты нығайту жұмыстары жалғастырылсын.
3. Ата-аналар балабақша іс-шараларына белсенді қатысуға тартылсын.

2-мәселе бойынша тыңдалды:

Балабақша әдіскері Садуахасова Жанат балалардың тәрбие мен білім алу бағытындағы жарты жылдық жұмыс қорытындысы туралы есеп берді.

Жарты жыл ішінде тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктеріне сәйкес білім беру, тәрбиелеу және дамыту жұмыстары жүргізілді.

Жұмыс барысында:

- балалардың танымдық қабілеттерін дамыту;
- сөйлеу, қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру;
- шығармашылық қабілеттерін жетілдіру;
- денсаулықты нығайту және қимыл белсенділігін арттыру;
- әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын дамыту бағыттары жүзеге асырылды.

Балалардың даму деңгейін анықтау мақсатында бақылау және мониторинг жұмыстары жүргізіліп, нәтижелері талданды. Топтарда ұйымдастырылған іс-әрекеттер жоспарға сәйкес өткізілді.

Жарты жылдық қорытынды бойынша балалардың білім, білік және дағдыларында оң нәтижелер байқалды. Кейбір тәрбиеленушілермен жеке дамыту жұмыстары жалғастырылатыны айтылды.

Ата-аналарға балалардың жетістіктерін қолдау, үй жағдайында дамыту жұмыстарын жалғастыру бойынша ұсыныстар берілді.

Қаулы:

1. Балалардың тәрбие мен білім алу бойынша жарты жылдық жұмысының қорытындысы назарға алынсын.
2. Балалардың жеке даму ерекшеліктерін ескере отырып, түзету және дамыту жұмыстары жалғастырылсын.
3. Ата-аналар баланың тәрбиесі мен дамуына белсенді қатыссын.
4. Балабақша мен ата-ана арасындағы серіктестік жұмысы одан әрі күшейтілсін.



Төрайымы:

Хатшы:

Г.Алмағанбетова

А.Назарова

Жалпы ата-аналар жиналысы

ХАТТАМА №3

Күні: 16.05. 2024 жыл

Қатысқандар: балабақша әкімшілігі, педагогтер, ата-аналар

Жиналыстың тақырыбы:

«Сұраңыз – жауап береміз»

Күн тәртібі:

1. Балабақшаның ағымдағы оқу жылындағы оқу-тәрбие жұмыстарына есеп беру.
2. Балалар ауруларының алдын алу жөніндегі медицина қызметкерінің есебі.
3. Жазғы сауықтыру шараларының жоспарымен таныстыру.

1-мәселе бойынша тыңдалды:

Балабақша меңгерушісі Г.Алмағанбетова ағымдағы оқу жылында атқарылған оқу-тәрбие жұмыстарының қорытындысы туралы есеп берді.

Оқу жылы барысында тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктеріне сай білім беру, тәрбиелеу және дамыту жұмыстары жүргізілді. Балалардың танымдық, шығармашылық, әлеуметтік-коммуникативтік және дене шынықтыру дағдыларын дамытуға бағытталған іс-шаралар ұйымдастырылды.

Жыл көлемінде:

- ұйымдастырылған іс-әрекеттер жоспарға сәйкес өткізілді;
- балалардың даму деңгейіне бақылау және мониторинг жүргізілді;
- мерекелік, танымдық, шығармашылық іс-шаралар ұйымдастырылды;
- ата-аналармен бірлескен жұмыстар жүргізілді;
- педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыру бағытында әдістемелік жұмыстар атқарылды.

Ата-аналар тарапынан қойылған сұрақтарға жауап беріліп, ұсыныстары тыңдалды.

Қаулы:

1. Балабақшаның ағымдағы оқу жылындағы оқу-тәрбие жұмысының қорытындысы назарға алынсын.
2. Балалардың жан-жақты дамуына бағытталған жұмыстар жалғастырылсын.

3. Ата-аналар мен педагогтер арасындағы ынтымақтастық нығайтылсын.

2-мәселе бойынша тыңдалды:

Балабақша медбикесі _____ балалардың денсаулығын сақтау және аурулардың алдын алу бойынша жүргізілген жұмыстар туралы есеп берді.

Балалардың денсаулығын бақылау, күнделікті сүзгі жүргізу, санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтау, дұрыс тамақтануды ұйымдастыру және шынықтыру шараларын өткізу жұмыстары туралы айтылды.

Сонымен қатар:

- жұкпалы аурулардың алдын алу;
- жеке бас гигиенасын сақтау;
- баланың күн тәртібін ұйымдастыру;
- маусымдық аурулардың алдын алу шаралары бойынша ата-аналарға кеңестер берілді.

Қаулы:

1. Балалардың денсаулығын сақтау бағытындағы жұмыстар жалғастырылсын.
2. Ата-аналар балалардың жеке тазалығына, дұрыс тамақтануына және күн тәртібіне көңіл бөлсін.
3. Аурулардың алдын алу шаралары бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілсін.

3-мәселе бойынша тыңдалды:

Балабақша әдіскері Садуахасова Жанат балалардың жазғы сауықтыру кезеңіне арналған жоспарымен таныстырды.

Жазғы сауықтыру жұмыстарының негізгі мақсаты – балалардың денсаулығын нығайту, белсенді демалысын ұйымдастыру, таза ауада шынықтыру шараларын жүргізу және қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

Жоспарда:

- таза ауадағы серуендер;
- қимылды және спорттық ойындар;
- шынықтыру жаттығулары;
- шығармашылық және танымдық іс-шаралар;

- қауіпсіздік ережелерін сақтау жұмыстары қарастырылған.

Ата-аналарға жаз мезгілінде балалардың қауіпсіздігін сақтау, күн тәртібін орындау және сауықтыру шараларына қолдау көрсету жөнінде ұсыныстар берілді.

Қаулы:

1. Балалардың жазғы сауықтыру шараларының жоспары бекітілсін.
2. Тәрбиешілер жазғы кезеңдегі іс-шараларды жоспарға сәйкес ұйымдастырсын.
3. Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау талаптары сақталсын.
4. Ата-аналар жазғы сауықтыру жұмыстарына белсенді қатыссын.



Г.Алмағанбетова

А.Назарова